

# Шығыс Қазақстан облысындағы балалардың неғұрлым осал топтарына айрықша көңіл бөле отырып, әл-ауқатын жақсарту



юнисеф   
Қазақстандағы БҰҰ Балалар қоры



## **БҰҰ-НЫҢ ШҚО-ДАҒЫ «ӨҢІРЛІК ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚҚА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫНА ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРДЫ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ӨҢІРДІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» БІРЛЕСКЕН ЖОБАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ЮНИСЕФ КОМПОНЕНТІ**

Осы басылымда пайдаланылатын белгілер мен материалдың баяндалу тәсілі Қазақстандағы, басқа елдер мен аумақтардағы балалардың құқықтық мәртебесіне, олардың биліктеріне немесе шекараларын белгілеуге қатысты ЮНИСЕФ-тің қандай да бір көзқарасын білдірмейді. Осы кітапшадан алынған кез келген ақпаратты ондағы әдебиеттерге міндетті түрде сілтеме жасалған жағдайда еркін көшіріп басуға болады.

Бұл жарияланым сатуға арналмаған.

Кітапшаның мұқабасына Сергей Дуровтың суреті қолданылған ([altaynews.kz](http://altaynews.kz))

Қазақстан Республикасындағы БҰҰ Балалар қоры  
(ЮНИСЕФ)

010 000, Қазақстан Республикасы, Астана қ.,  
Бейбітшілік көшесі, 10-А.

Тел: +7 (7172) 32 17 97, 32 29 69, 32 28 78.

Факс: +7 (7172) 321803.

[www.unicef.kz](http://www.unicef.kz)

[www.unicef.org](http://www.unicef.org)

Астана, 2013

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі

070019, Қазақстан Республикасы, Өскемен,  
М. Горький көшесі, 40

Тел: +7 (7232) 26 42 42

[www.akimvko.gov.kz](http://www.akimvko.gov.kz)

# Мазмұны

|   |    |
|---|----|
| Қысқартулар мен аббревиатуралар   | 2  |
| Кіріспе   | 3  |
| ШҚО негізгі статистикалық көрсеткіштері   | 4  |
| ШҚО-дағы ЮНИСЕФ қызметінің картасы  | 5  |
| Қазақстан Республикасындағы ЮНИСЕФ  | 6  |
| <b>ШҚО-дағы ЮНИСЕФ қызметі:</b>   |    |
| Балаға мейірімді қалалар мен аудандар құру  | 7  |
| Ана денсаулығын қорғау және бала күтімі   | 7  |
| Балаларды қорғау  | 9  |
| Балалар мүддесіне орай әлеуметтік саясатты күшейту  | 14 |
| Жастар мен жасөспірімдерге қолдау көрсету және олардың өмірлеріне қатысты мәселелерге белсенді араласуын қамтамасыз ету | 17 |
| Даму мақсатындағы коммуникация  | 20 |
| Ұзақ мерзімді әсер ету мен орнықтылықты қамтамасыз ету  | 22 |
| Анықтамалық материалдар мен қосымша әдебиеттер  | 23 |

# Қысқартулар мен аббревиатуралар

|         |  |
|---------|--|
| Әкім    | Облыс басшысы кент/аудан/қала басшысы                            |
| Әкімдік | кеңес/әкімшілік (елді мекеннің, қаланың немесе облыстың)         |
| ДМК     | даму мақсатындағы коммуникация                                   |
| БМҚ     | балаға мейірімді қала  |
| ЕБІҚЖ   | елдік бағдарламаның іс-қимыл жоспары                             |
| МББ     | мүгедектігі бар балалар  |
| АҚА     | апат қаупін азайту   |
| ШҚО     | Шығыс Қазақстан облысы   |
| ҚРҰ     | Қазақстан Республикасының Үкіметі                                |
| АБД     | ана мен бала денсаулығы  |
| МДМ     | Мыңжылдық даму мақсаттары  |
| БҒМ     | Білім және ғылым министрлігі                                     |
| ДМ      | Денсаулық сақтау министрлігі                                     |
| ЕХӘҚМ   | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі                 |
| ҮЕҰ     | Үкіметтік емес ұйымдар   |
| АМСК    | алғашқы медициналық-санитарлық көмек                             |
| БҰҰ     | Біріккен Ұлттар Ұйымы  |
| БҰҰ БҚК | Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар құқықтары туралы конвенциясы    |
| БҰҰМҚК  | Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүгедектер құқықтары туралы конвенциясы |
| ПРООН   | БҰҰ Даму бағдарламасы  |
| ЮНФПА   | Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықты қоныстандыру саласындағы қоры   |
| ЮНИСЕФ  | БҰҰ Балалар қоры   |
| БҰҰЕ    | Біріккен Ұлттар Ұйымының еріктілері                              |

# Кіріспе

БҰҰ Бірлескен бағдарламалары аясында ЮНИСЕФ БҰҰ басқа агенттіктерімен және Шығыс Қазақстан облысы (ШҚО) әкімдігімен неғұрлым қолайсыз өмір жағдайларында тұрып жатқан балалардың, олардың отбасыларының және қоғамдастықтардың өмірін жақсарту мәселелері бойынша бірлесіп жұмыс жасайды. Бұл кітапша ЮНИСЕФ-тің 2011-2015 жылдар кезеңінде БҰҰ Бірлескен бағдарламалар аясындағы қызметін сипаттайды.

«Балаға мейірімді қала» бастамасы ЮНИСЕФ-тің ШҚО-дағы қызметінің барлық аспектілерін – ана денсаулығын сақтау мен баланың тірі қалу құқықтарын; балалар құқықтарын қорғауды; жастар мен жасөспірімдерге қолдау көрсетуді және олардың өз өмірі мен денсаулықтарына қатысты мәселелерге белсенді араласуын қамтамасыз етуді; балалар мүдделеріне орай әлеуметтік саясатты күшейтуді; БҰҰ Бірлескен бағдарламасы аясындағы ұзақ мерзімді іс-қимылдардың нәтижелерін дамыту мен қамтамасыз ету мақсатындағы коммуникацияны қамтитын бала өмірінің неғұрлым маңызды кезеңдері мен салаларына жататын негіздемелік бағдарлама болып табылады.

Бағдарламаны өңірдегі және тұтастай алғанда, қоғамдағы балалардың өміріне барынша оң ықпалын тигізуге қол жеткізу үшін жергілікті билікпен және серіктестермен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылады.

***«Балалар қоғамымыздың неғұрлым осал және қорғалмаған бөлігі болып табылады, олар өз құқықтарынан айрылмауға тиіс. Ұлт көшбасшысы ретінде мен әр баланың құқықтарының қорғалуын талап етемін».***

*Нұрсұлтан Назарбаев, ҚР Президенті («Қазақстан-2050» Стратегиясы, желтоқсан, 2012 ж.)*

***«Орнықты даму балалардың қауіпсіздігінен, денсаулығынан және жақсы білім алуынан басталып, аяқталады»***

*Энтони Лейк, ЮНИСЕФ атқарушы директоры, сәуір, 2013 ж.*


## ШҚО-ның 2011-2012 жж. негізгі статистикалық көрсеткіштері<sup>1</sup>

















|   |  |
|---|--|
| Аумағы  | 283 330 км   |
| Халқы   | 1 млн. 395 мың адам (қала халқы – 58,2%)           |
| Балалар саны (0 – 18 жас)   | 343, 985 адам, 48,7% – қыз балалар (2011 ж.)       |
| Жалпы өңірлік өнім  | 725 616,0 млн. теңге (2012 жылдың бірінші тоқсаны) |
| Сәби өлімінің көрсеткіші  | 100 000 тірі туылғандарға 17,88 (2011)             |
| Бала өлімінің көрсеткіші  | 21,22 (2011 ж.)                                    |
| Ана өлімінің көрсеткіші   | 22,4 (2011 ж.)                                     |
| Ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар саны  | 3813 (2012 ж.)                                     |
| Интернат мекемелеріндегі балалар саны   | 1376 (2012 ж.)                                     |
| Жалпы білім беретін мектептерде толық білім алатын балалар саны                                     | 2444 (2012 ж.)                                     |
| ШҚО-дағы аз қамтылған отбасыларында тұратын балалар саны  | 27 911 (2012 ж.)                                   |
| ШҚО-дағы ақшалай атаулы әлеуметтік жәрдемақы алатын аз қамтылған отбасыларында тұратын балалар саны | 12 517 (2012 ж.)                                   |
| ШҚО-дағы бас бостандығынан айыруға үкім шығарылған балалар саны                                     | 3 (2012 ж.)  |
| ШҚО-дағы өзін-өзі өлтіру саны   | 11 (2012 ж.) қыздар – 2                            |
| ШҚО-дағы өзін-өзі өлтіруге жасалған әрекеттер саны  | 43 (2012 ж.) қыздар – 33                           |
| Өрт, суға кету және басқа стихиялық апаттар салдарынан болған балалар өлімі жағдайларының саны      | 80 (2012 ж.).                                      |
| ШҚО-дағы балалар мен жастарға қызмет көрсететін YEҰ саны  | 80 (2012 ж.).                                      |

<sup>1</sup> Әдебиет туралы ақпарат алу үшін «Анықтамалық материалдарды» қара, 23-бет.



## Шығыс Қазақстан облысындағы ЮНИСЕФ қызметінің картасы



- |   |   |   |   |   |  |
|---|---|---|---|---|--|
|  | Балаларға ынтымақтас қалалар                                  |  | Отбасы қолдау орталығы                      |  | Апаттар тәуекелді қысқарту                   |
|  | босанған кездегі және одан кейінгі тиімді бағып күтуін енгізу |  | Баланың ерте дамуы бөлмесі (лекотека)       |  | Жастар қолдау орталығы                       |
|  | ЕЖБД/БШАЫЕ;   |  | Мектептегі балаларды зорлықтан сақтап қалу  |  | Өзін-өзі өлтіру профилактикалық бағдарламасы |
|  | Витамин А супплементациясы                                    |  | Балалар жөнінде әділ сот                    |  | Ауылдық жастар қолдау орталықтары            |
|  | 0-3 жастағы балалардан бас тарту профилактикасы               |  | Инклюзивтік қоғам жылжытуы                  |  | Даму ретінде байланыс                        |
|   |   |  | Балалар амандығын мониторинг жүйесін енгізу |   |  |

# Қазақстан Республикасындағы ЮНИСЕФ

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының шешімімен ЮНИСЕФ балалар құқықтарын қорғауға, олардың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ олардың әлеуетін толық ашу үшін мүмкіндіктерін кеңейтуге уәкілетті болды. ЮНИСЕФ қызметінің мақсаты елдердің үкіметтерімен Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар құқықтары туралы конвенциясында (БҰҰБҚК) бекітілген балалар құқықтарын іске асыру бойынша бірлесіп жұмыс істеу болып табылады.

1994 жылдан бастап ЮНИСЕФ екіжақты бағдарлама - әрбір бес жыл сайын жаңарып отыратын Елдік бағдарламаның іс-қимыл жоспары (ЕБІҚЖ) аясында Қазақстан Республикасының Үкіметімен (ҚРУ) бірлесіп жұмыс жасайды. ЕБІҚЖ жалпы мақсаты үкіметке барлық балалардың тірі қалу, даму, қорғану, қатысу және қамқор әрі инклюзивті қоғам құру құқықтарын іске асыруға қолдау көрсету болып табылады. ЮНИСЕФ-тің ЕБІҚЖ «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары, 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасы, 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» денсаулық сақтауды дамыту бағдарламасы, «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Заң және басқалар секілді негізгі мемлекеттік бағдарламалар мен ел дамуының стратегияларымен келісіледі.

БҰҰ-ның басқа агенттіктерімен (ПРООН, ЮНФПА, БҰҰЕ) және ҚР Үкіметімен қатар ЮНИСЕФ Шығыс Қазақстан облысында (2011 – 2015 жж.) БҰҰ Бірлескен бағдарламасына (ББ) қатысады.

Бағдарлама ШҚО-да тұратын адамдардың өмірінің сапасын жақсартуға және Мыңжылдық даму мақсаттарына (МДМ) жетуде ілгерілеушілікті қамтамасыз етуге, әсіресе, бұрынғы Семей ядролық полигонының қызметінен зардап шеккен адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Ол балалардың, жас адамдардың және олардың айналасындағылардың, әсіресе, халықтың ең осал топтарының құқықтарын іске асыруға жәрдемдеседі. ЮНИСЕФ компоненті БҰҰ ББ аясында ШҚО-дағы балалардың жас адамдардың және олардың айналасындағылардың өміріне оң ықпал етуді ғана емес, сонымен қатар осы өңірде қолданылатын озық тәжірибенің мейлінше табысты модельдерін жалпыұлттық ауқымда жаңартуды көздейді.





# ЮНИСЕФ-тің Шығыс Қазақстандағы қызметі

## Балаларға мейірімді қалалар мен аудандар құру

«Балаға мейірімді қала» бастамасы (БМҚ) ШҚО-дағы ЮНИСЕФ қызметінің барлық іс-шаралары үшін негіз болып табылады. Бұл – негізгі мақсаты жергілікті билік пен қоғамдастықтар деңгейінде балалар құқықтарын іске асыру болып табылатын халықаралық бастама. Балаға мейірімді қала БҰҰБҚК-нің жергілікті деңгейде іске асырылуы болып табылады. Тәжірибеде бұл балалардың құқықтары жергілікті саясаттан, бағдарламалар мен бюджеттерден орын алады дегенді білдіреді. Балаға мейірімді қалада балалар шешім қабылдау үдерісінің белсенді қатысушы болады, олардың дауыстары мен пікірлері назарға алынып, ескеріледі. Жергілікті деңгейде, әсіресе, қалаларда балалардың құқықтарын қамтамасыз ету олардың тұрғылықты жеріндегі жағдайларын жақсартудың құралы және балалардың барлық мәселелерде, сондай-ақ өз мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдау үдерісінде дауыс беруге құқығы бар екеніне көз жеткізу тәсілі болып табылады.

Қазақстанда БМҚ бастамасын іске асыру 2006 жылы басталды, қазіргі кезде ол 20 қала мен ауданды қамтиды. БМҚ-бастамасы аясында ЮНИСЕФ ШҚО-да балалар құқықтарын іске асырудың толық бағыты бойынша жұмыс істейді және бүкіл ел ауқымында жаңартылуы мүмкін тиімді, мақсатты және орнықты модельдерді дамыту үшін әлеуметтік теңсіздікпен, құқық теңсіздігімен күреседі.

## Ана денсаулығын қорғау және баланың тірі қалу құқығы

Барлық балалардың өмірінің жақсы басталып, дені сау болып дамуын қамтамасыз ету үшін сапалы медициналық көмекке қол жеткізуге құқықтары бар. 2010 жылы ШҚО-да 60%-дан астам сәби өлімі<sup>2</sup> жағдайы перзентханалар мен бөлімшелерден байқалды, бұл елдегі ең жоғары көрсеткіш болды. ЮНИСЕФ ана мен баланы қорғау және сәби өлімін азайту саласындағы қызмет сапасын жақсарту үшін Семей қаласындағы және ШҚО-ның бес ауданындағы Ана мен бала орталығында (АБДО), перзентханаларда тиімділігі жоғары өмірді қорғап қалатын перинаталды технологияларды ендіру бойынша жұмыс істеді.

ЮНИСЕФ сонымен қатар ана мен баланы қорғау қызметінің жай-күйі бойынша зерттеу жүргізіп, талдау дайындады, денсаулық нәтижелеріне қатысты теңсіздікті, денсаулық сақтау қызметіне қол жеткізу жолындағы кедергілерді және алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету стандарттарын анықтады. Осы ақпаратқа сүйене

<sup>2</sup> Сәби өлімінің көрсеткіші 1000 тірі туылғандарға шаққандағы туғаннан бастап 1 жасқа дейінгі сәбилердің шетінеу мүмкіндігін көрсетеді.



Балалардың фортификацияланған үнмен танысуы

отырып, ЮНИСЕФ өңірдегі АБД қызметінің жұмысын жақсарту үшін «жол картасын» әзірлеуге көмектесті. Бұл қызмет мынадай өзгерістер енгізуге бағытталды, оның нәтижесінде барлық балалардың, әсіресе, шетқақпай топтардағы балалардың оларды ерте жастан дамытудың барлық кезеңдеріне қолдау көрсететін сапалы медициналық көмекке қол жеткізу құқықтарын қамтамасыз ететін «үздіксіз күтім» жүйесі құрылатын болады.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ана мен баланы қорғау қызметі жаңа, сапалы деңгейге көтерілді, өңірдің барлық денсаулық сақтау мекемелерінде АБД үшін негізгі қауіп-қатерді ең төменгі шекке әкелетін мейлінше қауіпсіз, барынша тиімді және неғұрлым достық қалыптағы қызметке айналды. Бұл оң өзгерістер ШҚО-дағы сәбилер өлімін 2010 жылғы 1000 тірі туылғандарға 20,7-ден келетін көрсеткіштен 2012 жылғы 1000 тірі туылғандарға 15,8-ден келетін көрсеткішке дейін азаюға алып келді.

## А дәруменінің тапшылығымен күрес

2011 жылы Қазақстанда 6-59 айлық балалар арасындағы А дәрумені тапшылығының (АДТ) таралуы барынша жоғары болды, сондықтан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы оны ел үшін аса маңызды мәселе ретінде қарастырды<sup>3</sup>. Өкпе қабынуы, жедел респираторлық аурулар мен диарея салдарынан АДТ-ның таралуы мен бала өлімі деңгейінің жоғары болуы арасында тығыз өзара байланыс бар. Сәбилер мен балалар, әсіресе, 5 жасқа толмаған балалар, тез өсуі және инфекциялардың алдын алу үшін жеткілікті дәрежеде А дәруменіне мұқтаж.

ЮНИСЕФ бала өлімі көрсеткіштерін одан әрі азайтуға қолдау көрсету мақсатында Қазақ тағамтану академиясымен және жергілікті серіктестермен бірлесіп, ШҚО-да 6-59 айлық балалар арасында А дәрумені тапшылығын (АДТ) қамтамасыз ету бойынша пилоттық жобаны іске асыруда.

<sup>3</sup> Қазақстандағы таралушылық 23,2% құрады; 20%-дан асатын көрсеткіш айтарлықтай қиындық болып табылады.

# Балалардың құқықтарын қорғау

## Балалардан бас тартудың, институционалданудың алдын алу және отбасылардың осалдығы мәселелерін шешу

Әрбір бала өзін жақсы көретін, тыныш әрі қауіпсіз жағдайда өмір сүруге құқылы. Интернат мекемелерінде тұру бала миының дамуына әсер етіп, оны басқа зиянды әсерлерге ұшыратуы мүмкін. ЮНИСЕФ ағымдағы интернат мекемелерін отбасылық бағдар ұстаған қазіргі заманғы жүйеге жаңғырту үшін ҚР Үкіметімен бірлесіп жұмыс жасайды. Бұл орайда ЮНИСЕФ сонымен қатар келешектегі балалар күтіміне арналған өңірлік қоғамдық бағдарлы жүйенің ұзақ мерзімді болашағын қамтамасыз ету үшін ШҚО-ның жергілікті билік органдарымен де жұмыс жасайды. Отбасының осалдығы балалар мен жастар үшін негізгі тәуекел факторы болып табылады. Отбасындағы қолайсыз жағдай көбінесе балалардың үйден қашып кетуіне немесе кетіп қалуына себеп болады, сондай-ақ баланы еңбек және сексуалдық қанаудың және қатал азаптаудың құрбаны болу қаупіне ұшыратады<sup>4</sup>. ЮНИСЕФ пен ҚР Үкіметі бұл мәселелерді тиімді, мақсатты

<sup>4</sup> «Қазақстандағы мінез-құлықтың, сексуалдық қанау мен трафиктің тәуекелді нысандарына қатысты балалар осалдығына шұғыл баға беру», 19-бет, ЮНИСЕФ, Қазақстан, 2012 ж.

<sup>5</sup> Мәтінде қолданылған есімдер құпия мақсатында өзгертілген

## Өмірден алынған тарих: 3 жасқа дейінгі балалардан бас тартудың алдын алу<sup>5</sup>

Марина 29 жаста. Ол тұрмысқа шықпаған, 8 жасар ұлы бар, анасымен бірге тұрады. Марина автомобиль жуатын жерде жұмыс жасайды. Екінші балаға аяғы ауыр екенін білген кезде жеке баспанасы болмағандықтан, бұл жағдайды жасырғысы келді; ол емханаға барып босанғанға дейінгі есепке тұрмады, өйткені баланы босанғаннан кейін одан бас тартамын деп жоспарлады. Оның анасы Маринаның күйеуі болмауына байланысты әрі бұл жағдай отбасын ұятқа қалдыратындықтан, оның тағы бір баланы дүниеге әкелуін қаламады. Семей қаласында ЮНИСЕФ сынақтан өткізіп жатқан балалардан бас тартудың алдын алу бағдарламасының нәтижесінде босанғаннан кейін перзентхана қызметкері денсаулық сақтау басқармасына хабарласты, басқарма оған қолдау көрсету үшін әлеуметтік қызметкерді бөлді. Әлеуметтік қызметкер Марина мен оның баласына күн сайын келіп, оның баланың тууына байланысты жәрдемақыны ресімдеуіне көмектесіп, Маринаның анасымен қызына қолдау көрсету туралы бірқатар әңгіме жүргізді. Қазір баланың дені сау, Маринаның көңіл-күйі дұрыс, анасы оған барлық жағынан қолдау көрсетеді және немерелерін тәрбиелеуге белсене қатысады. Әлеуметтік қызметкер мониторинг жүргізу мен қолдау көрсетуді жалғастыруда.

*Ресурстік орталық,  
Семей қаласы*

және жалпыны тегіс қамтитын мамандандырылған әлеуметтік қызметтерді кешенді түрде іске асыру арқылы шешуге тырысады.

2007–2011 жылдар аралығында ЮНИСЕФ ҚР Үкіметіне БҰҰ Мүгедектер құқықтары туралы конвенциясын (БҰҰМҚК) ратификациялауға дайындық аясында «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңды әзірлеуге, қабылдауға, іске асыру және жетілдіруге және мұндай қызметтерді ұсынуға интеграцияланған көзқарасты модельдеу бойынша қолдау көрсетті. 2011 жылы ШҚО-да бұл қызмет балаларды қорғау жөніндегі түрлі қызметтердің рөлін картаға түсіру және арнайы әлеуметтік қызметтер ұсынудың интеграцияланған жүйесін құру бойынша әкімдікпен бірлесіп жүзеге асырылды.

ЮНИСЕФ айырылу, (әлеуметтік жетімдік), қараусыздық, балалардан бас тарту және оларды қатал жазалау қаупі бар топтардағы балалар мен отбасыларына қолдау көрсетуді неғұрлым тиімді жоспарлау, жүзеге асыру және мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету үшін үйлестіруші комиссия құру бойынша үш ауданда тренингтер өткізіп, қолдау көрсетті<sup>6</sup>. Семей қаласында ЮНИСЕФ әлеуметтік жұмыстың кейс-менеджментін жақсартуға, арнайы әлеуметтік қызметті бақылау мен жоспарлауға қолдау көрсетеді. 100-ден астам әлеуметтік қызметкер мен психолог өмірдің қиын жағдайларында қалған отбасылармен және балалардан бас тарту қаупімен жұмыс бойынша өздерінің кәсіби деңгейін көтерді. Семей қ. №12 емхана базасында орталық ресурстық орталық құрылды, онда балалардан бас тарту жағдайлары мен осал отбасылар туралы барлық негізгі ақпарат жинақталады.

<sup>6</sup> Үш ауданның қатарына Ұлан, Глубокое аудандары және Семей қаласы кірді.


## **Бала құқықтарына мониторинг жүргізу және мектептер мен интернат мекемелеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу**

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық барлық елдер мен қоғамдарда кездеседі және барлық әлеуметтік топтарды қозғайды. Бұл мәселені шешу жаһандық, ұлттық және жергілікті деңгейлерде шешімдер қабылдауды талап етеді. Жергілікті биліктер зорлық-зомбылықтың алдын алу, анықтау және оған жауап қайтарудың тиімді жүйесін, сондай-ақ балаларды оңалту жөніндегі тиісті сапалы қызметті құруға жауапты.

2010 және 2012 жылдар аралығында ЮНИСЕФ пен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкілетті бюросы интернат мекемелері мен мектептердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қатысты ұлттық жедел бағалау жүргізді. Нәтижелер интернат мекемелеріндегі балалардың 50%-ы және мектептердегі балалардың 65%-ы қандай да бір зорлық-зомбылық пен кемсітушілікке ұшырағанын көрсетті. Бұл деректер басқа зерттеулермен қатар<sup>7</sup> жабық әлеуметтік және мамандандырылған медициналық мекемелердегі балалардың зорлық-зомбылыққа, қатал азаптауға және менсінбеушілікке неғұрлым көбірек ұшырайтынын, бірақ әділ сот пен келтірілген зиянды өтетуге қолдары жетпейтінін көрсетеді. Бұл мәселені шешу үшін ЮНИСЕФ Адам құқықтары

<sup>7</sup> Қосымша ақпарат үшін «Анықтамалық материалдарды» қараңыз, 23-бет.

**1-диаграмма:** Балалар мен жастарға қатысты зорлық-зомбылық түрлері (%)



*Дереккөз: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік интернат мекемелеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық». ЮНИСЕФ, 2011 ж.*

жөніндегі Уәкілетті бюросына бала құқықтарының сақталуына бақылау жасаудың тәуелсіз тетігін құруға қолдау көрсетеді. ЮНИСЕФ-тің көмегімен Шығыс Қазақстан облысында сынақтан өтетін балалар құқықтарына мониторинг жүргізудің тиімді әрі сезімтал құралдары әзірленді.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және оның алдын алу жөніндегі жаңа пилоттық бағдарлама ШҚО-ның сегіз мектебі мен екі интернат мекемесінде басталды. Бағдарлама мұғалімдерді, оқушыларды, олардың ата-аналарын

зорлық-зомбылық пен қатал азаптау белгілерін ерте анықтаудағы өз рөлдерін жақсырақ түсіну бойынша біліммен және құралдармен қамтамасыз етеді. Бағдарлама аясында балаларды мектептерден білім беруші емес секторларға жіберу тетіктері әзірленеді, онда балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілері тіркеліп, мұндай жағдайлар туралы хабарламаларға уақытылы жауап қайтару жүзеге асырылады.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері құжатталып, кейіннен Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне тарату үшін тиісті мемлекеттік органдарға ұсынылады.



Балалар үйі, 2013



## Спорттық, медициналық және білім беру бастамалары арқылы инклюзивті қоғамды дамытуға жәрдемдесу

Қазақстанда мүгедектігі бар балалардың (МББ) құқықтарын қамтамасыз ететін жалпыны түгел қамтитын заңдар жиынтығы бола тұрса да, балалардың осы санаты білім алу мен кейіннен қоғамдық өмірге кірісу үдерісінде бұрынғыша белгілі бір қиындықтарды бастарынан кешіреді. Осындай себептердің бірі мүгедек балаларды қоғамның мейлінше белсенді әрі құнды мүшелері ретінде емес, халықтың осал топтарына жататын адамдар тұрғысында қарастыратындығында<sup>8</sup>. Инклюзивті қоғамды дамыту ең алдымен МББ-ның «өз ішінде» емес, қоғамдағы балалардың игілігіне келтіретін кедергіні анықтау мен жоюға бағытталған.

Қазақстанда ЮНИСЕФ БҰҰ МБҚК-ге қол қою (2008ж.) барысында үкіметтің қолдауына бағытталған ШҚО-дағы қызметі арқылы мүгедектігі бар балаларды еліміздің мектептегі білім беру жүйесіне қосу жөніндегі қозғалысты басқарады. Осы мақсатта мектепке дейінгі мекемелерде МББ бар отбасыларына қолдау көрсету және МББ инклюзиясына жәрдемдесу бойынша модельдер әзірленді. МББ мен олардың отбасылары

<sup>8</sup> Маастрихт жоғары басқару мектебі. «Қазақстан Республикасында инклюзивті қоғамды дамытуға арналған балалар мүгедектігіне жасалған жағдаяттық талдау». ЮНИСЕФ, Қазақстан, 2013 ж., 14-бет.

<sup>9</sup> Бұл жұмыс Шығыс Қазақстан облысы әкімдігімен және Семей қаласы әкімшілігімен бірлесіп жүргізіледі.

үшін ресурс ретінде отбасына қолдау көрсету орталықтары мен лекотекалар (балаларды ерте жастан дамытуға арналған бөлмелер) құрылды. Олардың қызметі қазіргі кезде жергілікті биліктің қолдауымен жүзеге асырылуда.

2013 жылы ЮНИСЕФ ШҚО-дағы балалар мүгедектігін зерттеу бойынша жобаны бастады, оның мақсаты мүгедектігі бар балалардың қоғамға араласу деңгейін өлшеу болып табылады. ЮНИСЕФ «Спешиал Олимпикс»<sup>9</sup> ұйымымен ШҚО-ның спорттық, медициналық және білім беру бастамаларына араласудың жәрдемі арқылы МББ құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгері жылжыту бойынша жұмыс істейді. Бағдарлама инклюзивті қоғамды дамытуға, болашақтағы ынтымақтастық

### Өмірден алынған тарих: Мүгедектігі бар бала

Менің қызым Анна – кішкентай бес жасар қыз. Оның көзі дұрыс көрмейді, соңғы жылдар ішінде бірнеше операция жасатты. Анна сонымен қатар тұтығып сөйлей алмайды. Балабақшаларға мүгедектігі бар балаларға арналған бөлмелер енгізу бойынша ЮНИСЕФ сынақтан өткізіп жатқан жоба біздің өмірімізді өзгертті... Анна өсті, үй жұмыстарына көмектеседі, ойыншықтармен ойнайды. Мүгедектігі бар барлық балалар басқа балалармен жақсы ойнайды... Қазір мүгедектігі бар балалардың жалпы білім беретін мектептерге араласуы – тек қана мүмкіндік емес. Бұл – біздің кейбіреулеріміз үшін ақиқат.

*Ана, Семей қаласы*



Специал Олимпикс шарасы, Өскемен, 2013<sup>1</sup>

үшін модель ретінде мүгедектікті түсіну және ол туралы хабардарлықты арттыруға бағытталған. Бұл іс-шаралар Семей және Өскемен қалаларында қазірдің өзінде басталып кетті, олар үй күтіміндегі МББ, олардың отбасылары мен қамқоршылары, сондай-ақ МББ-ға арналған мектептердің мұғалімдері мен мүгедектігі жоқ балалардың қатысуымен өтетін «Жас спортшылар», «Алып атлеттер», «Дені сау отбасы» форумы, «Біріктірілген спорт» секілді іс-шаралардан тұрады. ЮНИСЕФ бұл қызметті тұрақты үйлестіру үшін отбасылармен және серіктестермен, қала және облыс әкімшілігімен жұмысты және ынтымақтастықты жалғастырады.

## Балаларға қатысты әділсот

ЮНИСЕФ барлық кезеңдерде ол балалардың әділсотқа қолжетімділігі мен қылмыстың

құрбаны болған балаларды, құқық бұзушы балаларды және қылмыстың куәгерлерін қорғауды қамтамасыз ететініне кепілдік беру үшін Қазақстан Республикасындағы ювеналды әділет жүйесін дамытуды стратегиялық пайымдау бағытында жұмыс істейді. ЮНИСЕФ ШҚО-ға ювеналды соттарда әлеуметтік жұмысты модельдеу, жаңа қызметтерді сынақтан өткізу және заңмен қақтығыстағы балаларды әлеуметтік реинтеграциялау жөніндегі қоғамдық бағдарламаларды күшейту негізінде осы пайымдауды әзірлеуге және оны іске асыруды бастауға көмек көрсетті. Бұл қадамдар әділсот жүйесімен байланысқа түскен балалардың құқықтарын қорғау және балалардың ең жақсы мүдделері тұрғысынан кез келген іс-қимылды жасау үшін маңызды.

Қылмыстық жаза мен бас бостандығынан айыруға және балаларды отбасынан оқшаулаудың алдын алуға балама ұсыну үшін заңмен қақтығыстағы балаларды оңалтуға арналған пилоттық орталық құрылды. Осының нәтижесінде ұсақ немесе орташа ауыр құқықбұзушылық жасаған балалар құрбан болған баламен, құқық бұзушы баламен және олардың ата-аналарымен жасалған шарт негізінде оңалту бағдарламаларына енгізілетін болады. Заңмен қақтығыстағы балаларға мамандандырылған қызмет көрсетуді қолдайтын Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жанындағы ювеналды зертхана әділсот саласындағы мамандарға өз әлеуеттерін арттыруға қолдау көрсетеді. ЮНИСЕФ ұлттық және халықаралық стандарттарды және олардың ұлттық заңнамаларға сәйкестігін сақтау үшін тиісті ұйымдармен және жекелеген тұлғалармен ынтымақтастығын жалғастырып, қолдау көрсетеді.

# Балалар мүддесіне орай әлеуметтік саясатты күшейту

## Баланың әл-ауқаты мониторингі

Қазақстанда халықтың әл-ауқаты артып, экономикалық өсімнің жалғасып келе жатқанына қарамастан, әл-ауқат деңгейі өңірлерге байланысты біркелкі емес, көптеген балалар әлі де кедейшілікте өмір сүріп жатыр. Халықаралық жарияланымдарда атап көрсетілгендей, өмір сүру қызметінің барлық аспектілерінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету неғұрлым бай мемлекеттерді қоса алғанда кез келген қоғам үшін күрделі мәселе болып табылады. Кедейшілікке және оның даму жолдарына қатысты жалпы жағдай бойынша мәліметтер мен ақпараттардың қолжетімділігіне қарамастан, балалардың әл-ауқаты туралы ақпарат барынша мардымсыз. Негізгі әл-ауқат аспектілеріне басым мән бере отырып, елдегі балалардың жағдайына жан-жақты талдау қажеттілігі туындап отыр. Оларға атап айтқанда, өңірлер тұрғысынан: кедейшілікті материалдық бағалау, білім беру, денсаулық сақтау, тамақ, тұрғын үй, сумен жабдықтау және санитария саласындағы әл-ауқат көрсеткіштерінің нәтижелерін жатқызады. Бұл балалар мен жастардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған тиімді саясат әзірлеу үшін толтыру қажет болатын ақпараттық бос орынның бар екенін атап көрсетеді.

Аталған мәселені шешу үшін ЮНИСЕФ Мемлекеттік басқару академиясымен және басқалармен бірлесіп 2012 жылы бүкіл ел бойынша, ШҚО-ны қоса алғанда, балалар әл-ауқатына зерттеу жүргізді. Нәтижесінде, ШҚО-да жергілікті органдардың балаларға қатысты жағдайларды жақсырақ түсінуі үшін және балалар осалдығы мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік беретін жағдайлар туралы ғылыми негізді хабарламалар үшін балалар өмірінің сапасына жасаламын кешенді мониторинг жүйесі енгізілді.

## Балалар мен олардың отбасыларын әлеуметтік қорғауды жақсарту

ЮНИСЕФ қызметінің басқа бағыты әлеуметтік ақшалай төлемдерге баса назар аудара отырып, балалар мен олардың отбасыларын әлеуметтік қорғауды бағалау және жақсарту болып табылады. Әдетте, ересектерге қарағанда, балалар неғұрлым осал болып келеді, бұл балалар үшін әлеуметтік қорғауды ерекше маңызды етеді. Әлеуметтік қорғауға қолжетімділік тамаққа қажеттілікті кепілді қанағаттандыру мен әлеуметтік



Кітапханада

қызметтерге рұқсат алуға көмектесе алады<sup>10</sup>. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін ЮНИСЕФ Қазақстан Республикасындағы, оның ішінде ШҚО-дағы осал балалар үшін қарастырылған әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шараларға баға береді. Бағалау Қазақстандағы балалар мен олардың отбасыларына арналған қолданыстағы әлеуметтік төлемдер жүйесінің тиімділігі мен нәтижелілігі туралы ақпараттан тұратын болады және жұмыс істеп тұрған жүйені жақсарту мақсатында әлеуметтік қорғау бойынша төлемдер талдауын ұсынады.

## Әр баланың қажеттіліктеріне жауап беретін сапалы білім беруді қамтамасыз ету

ЮНИСЕФ әр баланың қажеттіліктерін ескеретін орта білім беру жүйесін қаржыландыруға қатысты жаңа көзқарастарды тарату үшін жұмыс жасайды. Әр баланың ең жақсы білім тәжірибесін алуы үшін оның қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз ету қажет. Жан басына шаққандағы қаржыландырудың жаңа тетігі қаржыландыру тиімділігі мен жеделдігін, сондай-ақ білім беру тәжірибесінің сапасын арттыру есебінен балалар үшін, оның ішінде айрықша мұқтаждықтары және мүгедектігі бар балалар үшін білім беру жүйесінің ашықтығы мен оған неғұрлым кең қол жеткізуді қамтамасыз етуге көмектеседі.

<sup>10</sup> Санфилиппо М., С. де Нойбург және Б. Марторано (2012 ж.), «Балаларға әлеуметтік қорғаудың ықпал етуі: әдебиеттерге шолу», 4-бет.



## Балаларды табиғи апаттарға дайын болуға үйрету

ШҚО жер сілкінісі, су тасқыны, көшкін, температураның күрт төмендеуі секілді табиғи апаттарға ұшырауға бейім өңірлердің бірі болып табылады. ЮНИСЕФ Білім және ғылым министрлігімен, сондай-ақ Төтенше жағдайлар министрлігімен Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында балалардың



Балабақшадағы балаларды табиғи апаттарға дайын болуға үйрету

әлеуеті зор апатты жағдайларға дайындығын жақсартуға бағытталған Апат қаупін азайту (АҚА) бағдарламасы бойынша бірлесіп жұмыс жасайды.

ШҚО-дағы 11 пилоттық мектепте және 2 мектепке дейінгі мекемеде ЮНИСЕФ жүргізген зерттеу мектеп қызметкерлері тәрбиешілер мен мектепке дейінгі мекемелердің әкімшілігіне қарағанда ерте ескертудің қолданылып жүрген жүйесі туралы жақсы хабардар екендіктерін көрсетті. Зерттеу барысында анықталған қажеттіліктерді негізге ала отырып, ЮНИСЕФ пен оның серіктестері оқытушыларға арнап оқу және балаларға арнап семинар ұйымдастырды.

ШҚО-дағы пилоттық мектептер мен балабақшалар төтенше жағдайлар туындаған жағдайда уақытылы, ұйымдасқан және тиімді жауап қайтаруды қамтамасыз ету үшін АҚА аясында қажетті жабдықтармен және оқу материалдарымен жарақтандырылады.

ЮНИСЕФ сонымен қатар мектептерге төтенше жағдайлар мен апатты жағдайлардың даму қаупін азайту жөніндегі іс-қимыл жоспарларын қайта қарап, жақсартуға және балаларды АҚА-ға қатысты өз көзқарастарын және мұқтаждықтарын білдіруге тартуда да көмек көрсетеді. 17 мектеп оқушысы өздерінің идеяларымен бөлісіп, қысқаша бейнесюжеттер түсірген семинар өткізілді, олар кейіннен халықаралық және ұлттық деңгейде АҚА бойынша жұмыс істейтін мамандарға көрсетілді. ЮНИСЕФ ҚР Үкіметіне АҚА-ны мектептегі 12 жылдық білім беру бағдарламасына интеграциялауға көмек көрсету жөніндегі жұмысты жалғастырады.



# Жастар мен жасөспірімдерге қолдау көрсету және олардың өз өмірлеріне қатысты мәселелерге белсенді қатысуын қамтамасыз ету

## Жастар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу

Бүкіл дүние жүзінде жасөспірімдердің суицидін мен суицидтік әрекеттері өсіп келе жатқан мәселе ретінде мойындалады. Бұл әсіресе «тез өтіп отыратын әлеуметтік өзгерістерге» және жоғары психологиялық стресспен» байланысты «өтпелі экономикасы» бар елдер үшін маңызды<sup>11</sup>. Қазақстанда суицидті қоса алғанда, сыртқы себептер салдарынан жастар арасындағы (15-24 жас) өлім-жітім Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің арасында екінші орында тұр. Ел сондай-ақ 15-19 жас аралығындағы жас жігіттер мен жас қыздар арасындағы суицидтен де ең жоғары көрсеткішке ие, оның үстіне бұл көрсеткіш қыздарға қарағанда, жас жігіттер арасында екі есе жоғары. 2010 жылы бұл көрсеткіш 15-19 жастағы 100 000 қызға шаққанда 14,8 құраса, 15-19 жастағы жігіттер үшін 24,8 құрады<sup>12</sup>.

Осының нәтижесінде үкімет пен мүдделі тараптар 2012-2014 жж. арналған кәметке толмағандар арасындағы суицидтің алдын алу бойынша бірлескен жоспар әзірледі. ЮНИСЕФ Денсаулық

сақтау министрлігіне суицидтік әрекеттерге әкелетін себептер мен тәуекелдер фактілерін анықтау бойынша зерттеулер жүргізуге, тәуекелдер себептері мен факторларын ерте анықтауды қамтамасыз етуге, осы әрекеттерге жауап қайтару тәсілдері мен суицидтің алдын алудың тиімділігіне көмектеседі.

2012 жылы ЮНИСЕФ осы мәселені тереңдей түсіну үшін Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп Қазақстандағы жасөспірімдер мен жастар арасындағы суицид пен суицидтік әрекеттердің таралуын, себептерін, тәуекел факторларын және алдын алу шараларына көпшілікті тегіс қамтитын зерттеу жүргізді<sup>13</sup>. Зерттеу жоғары сынып оқушылары

<sup>11</sup> «Қазақстандағы суицид пен суицидтік әрекеттердің таралуын, себептерін, факторларын және алдын алу шараларын зерттеу». ЮНИСЕФ, Қазақстан, 2013 ж.

<sup>12</sup> Дереккөз: [http://www.transmonee.org/index\\_ru.html](http://www.transmonee.org/index_ru.html).

<sup>13</sup> Бұл зерттеу (11-сілтемені қараңыз) бүкіл ел бойынша жас адамның сұхбатынан тұрды, суицид және суицидтік әрекеттердің жиілігін, себептерін, тәуекел факторларын және оның алдын алу жағдайларын анықтау үшін жас адамдардың 200 өлім жағдайын және ШҚО-дан шамамен 3000 сұхбат алушыны қамтыды.

арасында суицид әрекеттерінің пайызы өте жоғары (зерттеу басталғанға дейінгі екі аптаның ішінде 1,5%) екенін көрсетті. Суицид жасау бойынша тәуекел тобы 46,5% оқушыны қамтыса, жоғары тәуекел – 3,3% пайызды қамтыды, оған бұның алдындағы екі апта ішінде суицид жасауға әрекет жасаған немесе суицид уәждемесі жоғары болған оқушылар кірді. Зерттелген суицид жағдайларының 30%-дан астамының отбастарында суицидтік мінез-құлық тарихы бар екені белгілі болды, бұл суицидтік мінез-құлық мәнмәтінінде генетикалық тұрғыдан да, сондай-ақ экологиялық қарым-қатынаста да отбасы ықпалының маңызды екенін көрсетеді. Ең соңында, суицид жағдайларының шамамен 30%-ында отбасында қатал жазалау немесе отбасында зорлық-зомбылық оқиғалары орын алғаны атап көрсетілді.

Осы зерттеудің нәтижелері озық тәжірибе модельдерін зерттеу және әзірлеу үшін ұлттық

және халықаралық деңгейлерде жария етілді. Келесі қызмет суицидтік алдын алу жөніндегі, оның ішінде 2012-2014 жылдарға арналған Ведомствоаралық іс-қимыл жоспары аясындағы шараларды нығайтуға бағытталатын болады.

## Жас адамдарға қатысты жағдайларды жақсарту үшін ауыл жастарына қолдау көрсету орталықтары

Жас адамдардың дауыс құқықтары бар және өздерінің өмірлеріне ықпал ететін шешімдерді қабылдауға қатыса алады. Жас адамдарға қоғамдық өмірге белсенді қатысу маңызды ғана емес, сонымен бірге қоғамның өзі үшін де пайдалы. Жергілікті, ұлттық және жаһандық деңгейлердегі өзгерістерге қол жеткізу бойынша



Жастардың біліктілік деңгейін көтеру мақсатындағы іс-шара

күш-жігер қоғамның маңызды бөлігі ретінде тек жастар қатысқан жағдайларда ғана тиімді әрі ұзақ мерзімді болуы мүмкін.

14-тен 29 жасқа дейінгі аралықтағы жас адамдар<sup>14</sup> Қазақстан Республикасы халқының жалпы санының 27,6%-ын құрағанымен, жастарға бағытталған тиімді заңнамалық актілерді әзірлеу мен іске асыруда және бағдарламалар мен бастамаларды практикалық тұрғыдан іске бас-тамаларды мәселесінде олқылықтар қалып отыр. 2006 жылы ЮНИСЕФ ШҚО-ның алты ауылдық ауданы мен қаласында жасөспірімдер мен жастардың негізгі күн тәртібіндегі қажеттіліктерін бағалау үшін зерттеу жүргізді. 2-диаграмма жастар үшін маңызды болып табылатын салалар бойынша олардың жастар орталықтарында ала алатын қолдауларына қатысты нәтижелерді көрсетеді, жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін көрсетеді, оларға қатысты осы нәтижелер арқылы олар жастар орталығынан қолдау ала алады. Зерттеу нәтижелері бойынша ЮНИСЕФ бүкіл облыс бойынша ауыл жастарына қолдау көрсететін жаңа орталықтар жастарына үшін облыстағы жекелеген жастар орталықтары мен олардың басшыларына қолдау көрсетті. Бұл жұмыс сонымен қатар жасөспірімдер мен жас адамдарға қызмет көрсетуде орталықтардың әлеуетін арттыруға мүмкіндік берді. Қазіргі кезде ЮНИСЕФ жастарға арналған қызметтердің сапасы мен тиімділігін қамтамасыз етуге, оның ішінде неғұрлым мұқтаждарға көмек көрсетуде ағымдағы техникалық көмек көрсету мен басшылық жасауды жалғастыруда.

<sup>14</sup> Қазақстан заңнамаларына сәйкес жас адамдар болып 14-29 жас аралығындағы адамдар саналады.

## 2-диаграмма: Ауыл жастары мен жасөспірімдерінің мұқтаждықтарын бағалау нәтижелері



Дереккөз: «Солтүстік Қазақстан облысының белсенді жастары» жастар ҰЕҰ, «Шығыс Қазақстан облысының ауыл жастары мен жасөспірімдерінің мұқтаждықтарын бағалау», ЮНИСЕФ, Қазақстан, 2013 ж.

## Даму мақсатындағы коммуникация (ДМК)

ДМК мінез-құлықты өзгерту мақсатында мақсатты аудиторияға дейін ЮНИСЕФ-тің маңызды хабарламалар жеткізу жөніндегі бағдарламасына қолдау көрсетудің маңызды тетігі болып табылады. Бұл ЮНИСЕФ-тің барлық балалардың әсіресе, мейлінше шетқақпай әрі неғұрлым қиындық көрген балалардың гүлденуін және белсенді қатысуын қамтамасыз ететін инклюзивті қоғам туралы пайымдауынан тұрады.

ЮНИСЕФ-тің мақсаты ДМК саласында мақсатты аудиториямен позитивті, балаларға мейірімді және тиімді коммуникация құралдарын орнату үшін мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық қоғамнан шыққан серіктестерінің әлеуетін көтеру. ДМК сондай-ақ балалардың құқықтарын, тиімді заңнамаларды, қоғамдық пікір мен ресурстарды жұмылдыруды насихаттау құралы болып табылады.

Коммуникация айтарлықтай дәрежеде қарым-қатынастың және мінез-құлықтың өзгеруіне ықпал ете алатындықтан, сондай-ақ балалар құқықтарын жүзеге асыруға неғұрлым көбірек қатысқаны үшін адамдарды көтермелей алатындықтан, балалар құқықтарын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Сөйтіп, ЮНИСЕФ әкімдіктің баспасөз орталығымен және медиа-жүйелермен негізгі мәліметтерді тарату үшін ЮНИСЕФ Қазақстан веб-сайты арқылы бағдарламалардың жетістіктері туралы түрлі жаңалықтарды тарату үшін белсенді ынтымақтастықта жұмыс істейді.<sup>15</sup>

ЮНИСЕФ YEY мен журналистерге де балаларға мейірімді және олардың құқықтарын қорғаушы коммуникацияларда баланың институционалдық әлеуетін көтеру үшін қолдау көрсетеді. Балаларды олардың құқықтарына сәйкес келетін, балалардан сұхбат алудың озық тәжірибесіне сүйенуге және баланың негізгі құқықтарына қатысты хабардарлықты арттыру тәсілдері арқылы балаларды көрсетуге басым көңіл бөлінеді. Осының нәтижесінде мүдделі тұлғалар балаларға арналған медиа-өнімдерді құруда және балалар туралы олардың қажеттіліктері негізінде өз әлеуеттерін көтереді.

Коммуникациялар даму мақсатында баланы тұтастай қарастыратын, балаға аударылатын жағымды қарым-қатынас пен мінез-құлық моделін ілгері жылжытуға ықпал етуші күшті тараптарға негізделген, барлық балалар мен олардың отбасылары өз өміріндегі және айналадағылардың өміріндегі оң өзгерістердің агенттері болып табылатынына кепілдік беретін қағидаттар мен тәжірибеге басымдық береді.

Бала құқықтарына негізделген бірқатар медиа-өнімдер ШҚО-да қазірдің өзінде әзірленіп қойды.

<sup>15</sup> [www.unicef.kz](http://www.unicef.kz).





Дилчи, сизга не ти келди-буца  
и дискриминация инди с ограниченны  
возможности?  
Чо ти аргумент об этом?

Я слыла об этом по телевизору  
и мне тоже рассказали про это в школе. Я читала,  
что люди не все равны, но равны. Каждый человек имеет  
возра в различных обществах, но важно, имеют есть ли у него  
ограничение возможности или нет. Ведь все люди рождаются  
свободными и с равными правами. И все должны  
уважать друг друга.

Дилча была одной из лучших учениц  
в школе и всем она нравилась.  
У Дилчи была только одна рука.  
Но иногда она была печальной. Другая сказала,  
что это было из-за ее болезни.  
Когда они спросили у Дилчи, она сказала им:  
«Нет, это не из-за моего,  
что у меня одна рука. Просто я хотела  
быть нормальной, как большинство из нас  
в школе: видеть и слышать всех людей».  
Услышав это, другая сказала ей:  
«Дилча, ты наша подруга, и мы тебе  
любим. Мы всегда будем тебе помогать  
и защищать тебя».



Мана, сизга  
классный руководитель рассказывал мне о жизни  
и жестком обращении в отношении детей.  
Я не совсем пока, что это значит. Расскажи мне,  
пожалуйста, что именно имел ввиду учитель  
и как сейчас может коснуться меня  
и моих друзей?

Симон,  
это очень хороший и важный вопрос.  
Обычно учителя, родители — это уменьшаемое  
причине бродягу ребенку  
или подростку.





# Ұзақ мерзімді әсер ету мен орнықтылықты қамтамасыз ету

ЮНИСЕФ ШҚО-да БҰҰ-ның басқа агенттіктерімен Бірлескен іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыруда кейіннен ұлттық деңгейде іске асырылуы, бейімделуі және енгізілуі мүмкін озық тәжірибе модельдерін зерттеу, сынақтан өткізу және әзірлеу үшін негіз болады. Бұл құжаттаудан, балаларға мейірімді қызметті қаржыландыру модельдерінің таныстырылымынан және ұлттық ауқымда қолданылуы мүмкін болатын жобалардан тұрады.

БҰҰ Бірлескен бағдарламасы аясындағы ЮНИСЕФ-тің ШҚО-дағы қызметі БҰҰ-ның басқа агенттіктерінің, серіктестерінің және демеушілерінің тығыз ынтымақтастықтары мен байланыстарына негізделген. ЮНИСЕФ-тің ШҚО-дағы қызметінің негізгі іргетасы Қазақстан Үкіметі мен ШҚО-ның жергілікті билігінің, соның ішінде облыстық және қалалық әкімдіктердің, азаматтық қоғам өкілдерінің, жергілікті қоғамдастықтың және жеке сектордың ынтымақтастығы мен қолдауы болып табылады, ол болашақта да бастамалардың сабақтастығын, тиімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз етеді.



Балалардың колөнер бұйымдары

# Анықтамалық материалдар

## 2011 – 2012 жж. ШҚО-ның негізгі статистикалық көрсеткіштері.

Статистикалық агенттіктің сайттағы қолжетімді мәліметтері:

[http://www.stat.kz/Pages/gen\\_stat.aspx](http://www.stat.kz/Pages/gen_stat.aspx).

Қазақстан Республикасындағы балаларды қорғау құқықтарының 2012 жылғы негізгі көрсеткіштері, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігі жанындағы Балаларды қорғау жөніндегі департамент.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының 2012 ж № 0610718, есебі.

«ШҚО-дағы балалар мен жастардың оларды қорғау құқықтарына бағдарланған қызметке қолжетімділік туралы әлеуметтенушілік зерттеу», Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен Отбасы мен балаларды қорғау орталығы, 2012 ж.

## Transmonee мәліметтер базасы:

[http://www.transmonee.org/index\\_ru.html](http://www.transmonee.org/index_ru.html)

## Кітапшада аталған есептер мен зерттеулер

Маастрихт жоғары басқару мектебі. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті қоғамды дамытуға арналған балалар мүгедектігінің жағдаяттық талдауы. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2013 ж.

БҚТМ зерттеу (Білім, Қарым-қатынас, Тәжірибе және Мінез-құлық). ЮНИСЕФ, Қазақстан (2014 ж. күтілуде).

Қазақстандағы суицид және суицидтік әрекеттердің таралуын, себептерін, тәуекел факторы мен алдын алу шараларын зерттеу. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2013 ж.

Қазақстанның мемлекеттік интернаттық мекемелеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2011 ж.

«Солтүстік Қазақстан облысының белсенді жастары» жастар ЕТҰ-сы. Шығыс Қазақстан облысындағы ауыл жастары мен жасөспірімдердің мұқтаждықтарын бағалау. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2013 ж.

Тәуекелшіл мінез-құлыққа, сексуалдық қанау мен адамдарды сатуға қатысты балалар саудасына қатысты балалардың осалдығын бағалау. 19-бет, ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2013 ж.

Санфилиппо М., С. де Нойбург және Б. Марторано (2012 г.). Әлеуметтік қорғаудың балаға әсері: әдебиеттерге шолу. 2012-б жұмыс құжаты. ЮНИСЕФ зерттеу орталығы, Флоренция.

## Қосымша әдебиет

Ювеналды әділет мәнмәтініндегі балаларға қатысты азаптау мен зорлық-зомбылыққа заңдар мен шағымдарға талдау. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2013 ж.

Қазақстандағы балалардың игілігі. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2013 ж.

Мектепке бармайтын және оқудан шығып қалған балаларды анықтау және оған мониторинг жүргізу. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2013 ж.

Мектепке бармайтын балаларды анықтаудың жаһандық бастамасы: Орталық және Шығыс Еуропа және ТМД. Өңірлік есеп. ЮНИСЕФ, Швейцария, Женева, 2013 ж.

Балаға мейірімді қала. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2007 ж.

Қазақстандағы балалар суициді. Арнайы есеп. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2012 ж.

Жер сілкінісі, өрт, су тасқыны, сел, көшкін және температураның төмендеуі кезінде қалай әрекет ету керек. 6-11 сыныптарға арналған кітапша. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2013 ж.

Жер сілкінісі, өрт, су тасқыны, сел, көшкін және температураның төмендеуі кезінде қалай әрекет ету керек. Мұғалімдерге арналған құрал. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2013 ж.

Жер сілкінісі, өрт, су тасқыны, сел, көшкін және температураның төмендеуі кезінде қалай әрекет ету керек. 4-5 сыныптарға арналған кітапша. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2013 ж.

Жергілікті деңгейдегі әлеуметтік жұмыстағы кейс-менеджмент. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2012 ж.

Қазақстандағы балаларды әлеуметтік қорғаудың интеграцияланған жүйесін модельдеу. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2011 ж.

Балалар мен әйелдердің жағдайы мониторингі: Көптеген көрсеткіштер бойынша кластерлік зерттеу 2010/11. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік интернаттық мекемелеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық: Жағдайды бағалау. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2011 ж.

Мектептердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылық. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2013 ж.

Балалар құқықтары саласындағы басшылық және оқытуға арналған ресурстар. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, 2013 ж.

Қазақстандағы ана мен бала денсаулығын қорғау саласындағы қызметті жетілдіру: теңдік және әлеуметтік-экономикалық денсаулық детерминанттарын бағалау. ЮНИСЕФ, Қазақстан, 2012 ж.

Қазақстан жасөспірімдері арасындағы суицид. ЮНИСЕФ, Қазақстан, Астана, (күтілуде).



### КАЗАҚСТАН

- БЕЛГІЛЕНГЕН ҚАЛАЛАР МЕН ӘКІМШІЛІК ОРТАЛЫҚТАР
- ⊙ ОБЛЫС ОРТАЛЫҚТАРЫ
- РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАР
- ⊕ МЕМЛЕКЕТ АСТАНАСЫ
- ОЗЕНДЕР
- НЕТІЗГІ АВТОМАГИСТРАЛЬДАР
- ТЕМІР ЖОЛДАРЫ
- ОБЛЫС ШЕКАРАЛАРЫ
- - - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШЕКАРАЛАР

Осы картаны Дүниежүзілік банетін картографиялық бөлімі құрастырған. Картада келтірілген шекаралар, түстер, белгілер және басқа да ақпарат көз келген аумақтар біріншінің заңды мұқабесінен немесе көз келген шекараларды бекіту мен таңуға қатысты Дүниежүзілік банк тобының ұстанымдары бойынша тобымайды.

